

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Махамбет аудандық
ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның

Хаттамасы

№4

Махамбет ауылы

02 қараша 2023 жыл

Қатысқандар:

Жиналыс төрағасы: Төлеген Бауыржан Дүйсебайұлы

Комплаенс офицері – Кумаров Руслан Адамович

Қатысқандар: емхана қызметкерлері

Күн тәртібінде

«Махамбет аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс – қызметінің функциялары мен міндеттері».

Баяндаушы:комплаенс офицері Р.Кумаров -Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру
мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі паракорлық.
Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-
тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара
беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай,үлкен қылмыс ретінде
саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптастыру қажет. Біздің ортада
сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ, қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп,
осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын
қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатындығын
және сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы
азаматтарының азаматтық борышы деп білуі керек екендігі жөнінде түсіну.Осы
айтылған сыбайлас жемқорлық тақырыбындағы әңгімелердің маңызы өте зор.
Сыбайлас жемқорлықтың деректері анықталған жағдайда жұмыскерлер
жұмыстан шығып қана қоймай, Қазақстан Республикасының қылмыстық
кодексімен жауапқа тартылуы мүмкін. Сондықтан жұмыс шеңберінде,
өздеріңіздің лауазымдық міндеттеріңізді атқарып, заң аясында ғана іс-қимыл
жасап отыруларыңызды сұраймын.

Директордың орынбасарының уақытша міндетін атқарушы
:С.Т.Сандыбаев - Коррупцияға қарсы күресті бұдан әрі күшейту мақсатында
жасалынған іс-шаралардың орындалуын қатаң қадағаланып отырылсын. Және
жұмыскерлер этика-диентологияны сақтауы керек. Әдептен арылмай
ұжымдастар, ауруханаға келетін наукастармен т.б. келушілерге мәдениетті
сөйлеп, ізеттілік танытуларыңызды сұралады.

Комплаенс офицері:



Р.Кумаров